

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

3 наурыз 2017 жыл

Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 386, 505-баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің 19-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағының 4-2) тармақшаларына және 2-2 тармағына, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10886 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғаудың үлгілік қағидаларына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерін абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4686 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 29-30 қаңтарда «Актюбинский вестник және Ақтөбе» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

Шешімнің кіріспе бөліміндегі мемлекеттік тілдегі «6-бабының» сөзінен кейін «1- тармағының 4-2) тармақшасына және» деген мазмұндағы сөздермен толықтырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

Жоғарыда аталған шешіммен бекітілген Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерін абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда оқылсын.

2. Бұл шешім бірінші рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.

**Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы****А.САДЫҚОВ****Облыстық мәслихат хатшысы****С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА**

Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары

1. Осы Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі — Заң) және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарына және басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау саласындағы қатынастарды реттейді және барлық жеке тұлғаларға, меншік түріне қарамастан барлық заңды тұлғаларға қатысты болып табылады.

3. Осы қағидаларды мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыс, мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың және іс – шаралардың жиынтығы;

2) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сүңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктегі діндерін кесу;

3) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандыратын аумақ;

4) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи өскен және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер;

5) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

6) жасыл екпелердің зақымдануы — ағашты-бұталы өсімдіктердің тамырына, діңіне, тамыр жүйесіне, шөпті өсімдіктердің жерасты және тамыр

жүйесіне өсуін тоқтатпайтындай зақым келуі. Яғни тамыр жүйесінің механикалық, температуралық немесе химиялық зақымдануы, қабығының, жер қыртысы жамылғысының тұтастығының бұзылуы, басқа да себептері болып табылады;

7) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау — жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және өсіруге (оның ішінде жойылған немесе зақымдалған жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдық және экономикалық шаралар жүйесі;

8) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс – шаралар кешені;

9) жалпы пайдаланымдағы жерлер – аландар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жаға-жайлар, зираттар және халықтың мұқтажын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпы пайдаланымдағы инженерлік жүйелер) үшін алынған және арналған жерлер;

10) көгалдандырылған аумақ – табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау- саябақ кешендері және объектілер, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлдер орналасқан жер учаскесі;

11) қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар;

12) өтемдік көгалдандыру – жойылған немесе зақымданған жасыл екпелердің орнына жасыл екпелерді отырғызу;

13) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

14) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

15) уәкілетті орган – табиғатты пайдалануды, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығын реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

16) ұйым – жүргізілетін жұмысқа қажетті қызметті жүзеге асыратын, материалдық және білікті еңбек ресурстары бар жеке кәсіпкерлік субъектісі немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға және олармен үлестес заңды тұлғалар;

17) шағын сәулеттік нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

18) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке

тұлғалардың балансындағы меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекаралына тікелей (периметр бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ;

19) аумақты жинастыру – елді мекендегі тұрғындардың іс-әрекеттері нәтижесінде жиналып қалатын қалдықтарды жинау, жою және залалсыздандыру мақсатындағы шаралар кешені;

20) аула ішіндегі аумақтар – шағын сәулеттік формалар, балалар алаңдары, контейнерлер, автокөлік тұрақтары, декоративті құрылыстар, үйге қарай көлік жүретін жол, аулаға көлік кіретін жол (егер аулада бірнеше жер иелері болса, бекітілген аумақ шекаралары пайдаланылатын аумақ шекаралары пропорциялы белгіленеді, болмаса екі жақтың келісімімен анықталады);

21) бекітілген аумақ – осы Қағидалармен анықталған жинау және күтіп-ұстау үшін анықталған жер телімі;

Қала және елді мекендердің аумағына бекітілген нысандар болып мыналар табылады:

берілген учаске шекарасынан көлік жүретін бөлік шетімен шектелген көше жақ беті;

ішкі кварталдар аумақтарының учаскелері;

сақтау, жинақтау және басқа мақсаттар үшін уақытша пайдаланылатын аумақ;

тиесілі аумақ;

22) берілген аумақ – тиесілі нысандарды орналастыру үшін Қазақстан Республикасының Заңнамасында қаралған құқықтар бойынша өкілетті органдардың шешімдеріне сәйкес иелік ету немесе пайдалану үшін жерді пайдаланушыға (заңды немесе жеке тұлға) берілген жер учаскесі;

23) құрылғы (ғимарат) — өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға, уақытша келген адамдарды, жүктерді орналастыруға, сондай-ақ құрал-жабдықтар мен коммуникацияларды орналастыруға арналған табиғи немесе жасанды шекарасы бар жасанды түрдегі көлемді, жазық немесе желілік (жер үсті, су үсті және (немесе) жер асты, су асты) нысан. Сонымен қатар құрылғы көркем-эстетикалық, декоративті-қолданбалы немесе мемориалдық маңызға ие;

24) рұқсат етілмеген қоқыс — заңды және жеке тұлғалардың іс-әрекеті процесінде жиналып қалған қатты тұрмыстық қалдықтарды, үлкен көлемдегі қоқыстарды, өндіріс және құрылыс қалдықтарын, басқа да қоқыстарды, қарды, мұзды өз бетінше (рұқсатсыз) тастау немесе жинап қою (орналастыру);

25) көлік жүретін бөлікті күтіп-ұстау — нәтижесінде автомобиль жолдарын пайдалану ережелері талаптарына жауап беретін жолдың көлік-пайдалану жағдайы, жол құрылғылары күтіп-ұсталатын жұмыстар кешені;

26) көше (көшенің көлік жүретін бөлігі) – елді мекендердің шекарасы шегіндегі автокөліктің жолы;

27) қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қоқыстарды шығаруға келісім-шарт — қатты тұрмыстық қалдықтарды және үлкен көлемдегі қоқыстарды шығару жөнінде тапсырыс беруші мен орындаушы арасында жасалғанзаң күші бар жазбаша келісім.

28) контейнер — қатты тұрмыстық қалдықтары жинауға арналған стандартты жәшік;

29) ірі көлемді қоқыс және қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару — қатты тұрмыстық қалдықтарды контейнерлерден арнаулы автокөлікке тиеуге, контейнерлерді тазартуға, контейнер алаңдарын және оған барар жолда шашылған қоқыстарды тазартуға, қоқыс жинайтын орыннан оларды жою үшін төгетін орынға дейін тасымалдауға байланысты шаралар кешені.

30) Өндірістік қалдықтар және оларды қолдану (бұдан әрі — қалдықтар) — өндіріс процесінде немесе тұтыну кезінде жиналып қалған шикізаттардың, материалдардың жартылай фабрикаттардың, басқа да бұйымдар мен азық-түліктердің, сондай-ақ тұтынушылық қасиетін жойған тауарлардың (өнімдердің) қалдықтары;

31) ғимарат — адамдардың тұруы немесе келуі үшін, өндірістік процестерді орындау үшін, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыру, сақтау үшін пайдаланылатын, атқаратын маңызына байланысты жер бетіндегі және аяқталған көлемді құрайтын негізгі және қоршау құрылымдарынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимараттың жер асты бөлігі болуы мүмкін;

32) ірі көлемді қоқыс — тұтынудан кейін және өзінің тұтынушылық қасиетін жоғалтқан шаруашылық қызметінде қолданылған қалдықтар (тұрмыс техникасы, жиһаз т.б.);

33) қасбет — ғимараттың, құрылыстардың, үй-жайлардың сыртқы беті;

34) мандайша жазуы — жеке және заңды тұлғалардың қызмет түрі, олардың дербес нысандығы туралы ғимаратқа кіреберісте кіретін есіктер санына қарай және (немесе) сол аумаққа кіре берістегі қоршауында, сондай-ақ жеке (жалдамалы) ғимараттың шегіндегі қасбетте және шатырда жазылған ақпарат.

35) фриз — сәулеттік құрылыстың қандай да бір бөлігін аяқтап немесе көмкеріп тұратын көлбеу жолақ немесе лента түріндегі декоративті композиция.

2. Жасыл екпелерді күтіп ұстау және қорғау

4. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде және коммуналдық қызметтердің қарауына жататын зираттардың учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда барлық жасыл екпелер бірыңғай жасыл қор құрайды және қорғауға жатады.

5. Жасыл екпелердің тіршілік әрекетін қамтамасыз етуімен үйлеспейтін көгалдандырылған аумақтарды және жасыл алқаптарды пайдалануға жол

берілмейді. Көгалдандырылған аумақтарды дамыту елді мекенді көгалдандырудың ұзақ мерзімді кешенді бағдарламасына және сызбасына сәйкес жүргізіледі. Жасыл екпелердің санын біліп, оның жағдайына мониторинг жасау мақсатында жасыл екпелер түгенделіп, есепке алынады.

6. Нысандарды жобалау және салу барысында аумақтың құрылыстан бос алаңдарының көмегінде 20 пайыз көгалдандыру қарастырылған.

7. Көгалдандыру бойынша барлық жұмыстың түрлерін жобалық-сметалық құжаттарға және жұмыс сызбаларына сәйкес бекітілген жобалар бойынша орындаған жөн. Көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізу кезінде орындалатын жұмыстардың сапасына және бекітілген жоба мен жұмыс сызбаларына сәйкес келуіне қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес авторлық қадағалау жүргізіледі.

8. Жасыл екпелерді күтіп- ұстау көгалдандыру бойынша жұмыстардың негізгі түрлерін қамтиды:

- 1) жасыл екпелерді отырғызу;
- 2) ағаштардың діңгек қуысын орнатуымен қыртыстарды қопсыту, ағаштарды ақтау;
- 3) гүлдерді, көгалдарды орналастыру, арам шөптерді отау, шөптерді шабу;
- 4) барлық вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;
- 5) жасыл екпелерді қырку, қайта отырғызу, кесу (апаттық, құрғаған, жасамыс ағаштарды және бұтақтарды кесу);
- 6) тыңайтқыштарды салу;
- 7) жасыл екпелердің зиянкестермен және ауруларымен күресу.

9. Жасыл екпелерді қайта отырғызу технологиясы сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді ұласып өсуі мақсатында оларды күз түскен кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады.

10. Ағаштарды жасарту және қалың өскен ағаштарды сирету жұмыстары вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.

11. Құрылыс – монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы учаскеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтасыз ететін арнайы қорғаныш қоршауларымен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады.

12. Құрылыс салуға немесе басқа жұмыстар жүргізуге бөлінетін учаскелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жасыл екпелерді кесу немесе қайта отырғызу жүргізіледі.

13. Жасыл екпелерді кесу мынадай:

- 1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыстың объектілерін орналастыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, жерүсті коммуникацияларына қызмет көрсету;
- 3) апаттық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамның өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін , сондай –ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіруі мүмкін ескі екпелерді санитарлық кесу жағдайларында жүзеге асырылуы мүмкін.

14. Жалпы пайдаланылатын жерлердегі және ғимараттар, құрылыстар, көп қабатты тұрғын үйлер аумақтарында желдің және табиғи сипаттағы өзге де оқиғалардың, жол-көлік апаттары нәтижесінде ағаштар апатты құлаған ағаштарды жинау, құлаған жерлерді уақтылы санитарлық тазалау және ағаш қалдықтарын шығару жер пайдалану құқығы шекарасындағы , сол аумақ тиесілі ұйымға немесе қызмет көрсететін учаскелері бойынша ұйымдарға жүктеледі.

15. Өскен немесе замқымдалған жасыл екпелер өздігінен құлаған жағдайда, кінәлі тұлғаларды анықтау мүмкін болмаған кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

16. қаланың және елді мекеннің аумақтарында өтемдік отырғызу жүргізу үшін уәкілетті орган арнайы учаскелерді айқындайды.

17. Әкімдіктің өкілетті органының рұқсатымен кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруді көгалдандырумен, жалпы пайдаланудағы жердегі жасыл екпелерді күтіп-ұстаумен айналысатын ұйымдар жалпы және арнаулы пайдаланудағы жерлерге биіктігі 2 метрден кем емес жапырақты көшеттер, биіктігі 1,5 метрден кем емес қылқан жапырақты көшеттер отырғызу жолымен жүзеге асырады.

Сонымен қатар амалсыз кесілген екпелерді қалпына келтіру жер учаскесінің сол аумағында (қалалық сәулеттік жағдайды ескере отырып) үш есе мөлшерде жүргізіледі.

18. Қалпына келтіру үшін ағаш отырғызу мүмкін болмай қалған жағдайда жасыл екпелердің жойылуына кінәлілер қалпына келтіру құнына, 2 жыл бойы күтіп-ұстау шығынына сәйкес жасыл желек қорына ақшалай төлейтін болады.

19. Жасыл екпелер бойынша табиғатты пайдалануды басқару және реттеу заңнамаларға сәйкес абаттандыру жөніндегі қызметтерді орындауға өкілетті қала, аудандар әкімдіктерінің мемлекеттік мекемелеріне, ауылдардың, поселкелердің, селолық округтердің әкімдеріне жүктеледі.

3. Қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру

1 – параграф. Тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету.

20. Заңды және жеке тұлғалар, бау-бақша және гараж кооперативтері, пәтер иелері кооперативтері, кондоминиумдарға қатысушылар, басқарушы компаниялар өздерінің нысандарына тиесілі барлық аумақтарда, оның ішінде жеке үй иелелігіндегі аумақтарда тазалықты сақтайды және тәртіпті қолдайды, абаттандыру элементтерінің (жолдар, тротуарлар, көгалдар, шағын сәулет нысандары, жарықтандыру, су жолдары) зақымдануына және бұзылуына жол бермейді.

19. Шикізаттармен, май майлау материалдары, аккумуляторлар, металл, тері қабылдауға арналмаған орындарда қабылдауға тыйым салынады.

21. Белгіленбеген жерлерде тері, металл, аккумуляторлар, оның ішінде өңдеу шикізаттарын қабылдауға жол беруге болмайды.

22. Белгіленбеген жерлерде автокөліктер жууға тиым салынады.

23. Сол жердегі санитарлық тазалықты сол жерде жұмыс жасап отырған ұйым жүргізеді.

24. Барлық ұйымдық-құқықтық нысандағы жеке және заңды тұлғалар:

1) дербес өз қаражаты есебінен немесе ұйымдармен шарттар жасасу жолымен бөлінген аумақты санитарлық күтіп – ұстауды және абаттандыруды қамтамасыз етеді;

2) кез келген меншік объектілеріне ұқыпты қарайды, мемлекеттік меншік объектілеріне залал келтірілген жағдайлар туралы тиісті органдарды хабардар етеді;

3) көшелер және үй нөмірлері көрсетілген тақталарды техникалық дұрыс жағдайда және тазалықта ұстайды;

4) қоршауларды (шарбақтарды) және шағын сәулет нысандарын тиісті жағдайда (қоршаудың (шарбақтың) сыртқы жағын бояу , әктеу) күтіп ұстайды;

5) ішкі аула аумақтарында автокөліктер үшін қоршау жасауға, сондай-ақ жолдың көлік жүретін бөлігін кедір-бұдыр етіп тастауға тыйым салынады;

6) жалпы пайдаланудағы жерлерге жүрмейтін (апаттық жағдайдағы) көлік құралдарын (тіркемелерді) 10 күнтізбелік күннен артық қоюға тыйым салынады;

2-параграф. Аумақтарды жинауды ұйымдастыру

25. Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды жинау және күтіп – ұстау мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;

2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;

3) сыпыру;

4) қамысты, қурайды, шөптерді және басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және шығару;

5) қоршаулар мен шағын сәулет нысандарын жөндеу және сырлау.

26. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда орналасқан парктерді, скверлерді, бульварларды, су айдындарын, жағажайларды, зираттарды, оның ішінде оларда орналасқан тротуарларды , жаяу жүргіншілер аймақтарын , саты баспалдақтарын жинауды заңды және жеке тұлғалар мен осы объектілерге қызмет көрсететін және пайдаланатын аумақтарды бекіту субъектілері жүргізеді.

27. Жеке және меншік түріне қарамастан, заңды тұлғалар тұрақты түрде қатты тұрмыстық қалдықтар және қар шығаратын, тиісті аумақты (автотұрақтар, боксты гараждар, ангарлар, қосалқы қойма құрылыстары, ғимараттар, сауда және қызмет көрсету объектілері) санитарлық тазалап,

жинайтын нысандармен, коммуналдық шаруашылық ұйымдарымен келісім-шарт жасайды немесе ол жұмыстарды өзі жүргізеді.

28. Көшелер мен өтпе жолдардың бойында орналасқан тротуарларды, жолаушылар көлігінің аялдама алаңын жинауды жүру бөліктерін жинауға және күтіп – ұстауға жауапты ұйымдар жүргізеді.

29. Аялдама кешендерін және қоғамдық жолаушылар көлігінің аялдама алаңында оларға іргелес аумақтарды, ақылы автотұрақтар, гараждардың аумақтарын, сондай – ақ кіреберіс жолдарды, іргелес аумақтарды жинауды және жууды олардың иелері жүзеге асырады.

30. Жол жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде құрылыс қоқыстарын осы жұмыстарды жүргізген ұйымдар шығарады.

31. Су ағатын желілерде ластануды болдырмау үшін су ағатын коллекторларда, жауын суын қабылдайтын құдықтарда және арық жүйесінде қоқыстардың тасталуына жол берілмейді.

32. Жерүсті инженерлік құрылыстарын пайдаланушы ұйымдар мен иелері инженерлік желілердің қорғалатын аймақтарының шекарасында іргелес аумақтардың санитарлық күтіп – ұсталуын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Күзгі – қысқы мезгілде қалалар мен елді мекендердің аумақтарын тазартудың ерекшеліктері

33. Күзгі – қысқы тазарту мезгілі қазаннан сәуірге дейін белгіленеді.

34. Жолдарды қыста тазартуға мыналар кіреді:

жол жабынын тығыздалмаған, жаңа жауған қардан, тапалған қар-мұз бен мұздан тазарту;

көліктер мен жүргіншілердің қозғалысына арналған алаңдардан жол жамылғыларын тазалау кезінде жиналған қардан және сынықтардан тазарту (орын ауыстыру);

көлік доңғалақтарының жол жамылғыларымен ілінісуінің коэффициентін шұғыл төмендететін құм тұз қоспасын пайдалана отырып жолдың көктайғақ қабыршақтарын жою.

Қарды жинау мен сыпыру жол бетіндегі қардың қалыңдығы 4-5 сантиметрден аспай тұрған аралықта жүргізіледі. Қарды қар жауғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірмей жинау қажет, қайтара жинау сол аралықта, ал қар толастамай жауғанда аяғына таман жиналады.

Қарды шығару мына мерзімдерде жүргізіледі:

Маңызды магистральдарында қар жамылғысы кемінде 6 сантиметр түскен кезде - екі тәуліктен, ал басқа жолдарда төрт тәуліктен кешіктірмей;

Ал қар 6 сантиметрден аса түскенде - сәйкесінше төрт тәуліктен немесе жеті тәуліктен кешіктірмей.

35. Саябақтардағы, скверлердегі, бульварлардағы және басқа көгалды аймақтардағы жолдарды тазарту кезінде, жасыл желектердің сақталуы мен еріген сулардың ағуын қамтамасыз еткен жағдайда, құрамында химиялық қоспалары жоқ қарларды осы мақсаттарға бұрын дайындалған алаңдарда үюге рұқсат етіледі.

36. Қысқы мезгілде жолдар, саябақ орындықтары, қоқыс қораптары және басқа да элементтер мен шағын сәулет формалары , сондай – ақ олардың араларындағы және жанындағы жерлер, оларға баратын жолдар қар мен мұздақтардан тазартылуы керек.

Жолдың тротуарларымен жүру бөлігінде көшелердегі инженерлік желілерде болған апаттан пайда болған мұздақтар осы желілердің иелері болып табылатын заңды және жеке тұлғалармен бөлшектенеді және тазартылады. Бөлшектенген мұздақтар белгіленген орындарға шығарылады.

37. Көшелер мен өтпе жолдардан қарды шығару арнайы дайындалған алаңдарда жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдармен келісілмеген орындарға шығарылады.

38. Қарды жинауға жауапты, заңды және (немесе) жеке тұлғалар қарды уақытша жинау орындарын қар ерігеннен кейін қоқыстардан тазартып және абаттандыруға тиісті.

39. Тротуарлар мен көпірлерге шығатын баспалдақтар асфальт – бетон жамылғыларының барлық ені бойына жаңа жауған қар мен тапалған қардан (пайда болған қар-мұздақтардан) тазартылады, қар тоқтаусыз жауған кезеңде көктайғаққа қарсы материалдармен өңделеді.

40. Аула аумақтары мен өтетін жерлер қар мен мұздақтардан асфальтқа дейін тазартылады. Мұздың (көктайғақ) пайда болған жағдайда ұсақ құммен өңдеу жүргізіледі. Көктайғаққа қарсы күресу үшін ас тұзын пайдалануға жол берілмейді.

41. Аула аумақтарынан, кварталішілік көлік жолдарынан және кәсіпкерлік нвсандарына тиісті аумақтардан қар жалпы пайдаланудағы жерлерде жиналып қалмай, шығарылуы тиіс.

42. Қыс мезгілінде үй иелері және жалға алушылар баспалдақтарды, пандустарды, шатырларды қардан, мұздан және сүңгілерден уақытында тазарту жұмыстарын ұйымдастырулары қажет. Бұл кезде жүргіншілер аймақтарына алдын ала арнайы қоршаулар орнатылады. Үйлердің төбесін қардан тазарту, көше жаққа бағытталған шатырлардан қар мен мұздақтарды тротуарларға лақтыру тек күндізгі уақытта жүргізілуі қажет. Шатырдың басқа бағыттарынан, жазық шатырлардан қар түсіру, аулаішілік аумақта жүргізіледі. Қарды түсіру алдында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жасалады. Үйлердің шатырларынан түскен қарлар, мұздар және сүңгілер жедел түрде жол жиегіне қарай жиналады және одан әрі көшенің жүргінші бөлігін тазартушы заңды және (немесе) жеке тұлғалар алып кетулері үшін дайындалады.

43. Суағар құбырлардың аузына қар, мұз және қоқыстарды тастауға жол берілмейді.

4 параграф. Көктемгі – жазғы мезгілде қалалар мен елді мекендердің аумақтарын тазартудың ерекшеліктері

44. Көктемгі - жазғы тазарту мезгілі сәуірден қазанға дейін белгіленеді.

Көктемгі - жазғы тазарту көшелердің, тротуарлардың, алаңдардың көлік жүретін бөліктерін жууды, оларға су шашуды және сыпыруды қарастырады.

45. Жол жамылғыларын, осьтік және қосалқы жолақтарды, көшелер мен өтетін жерлерді сыпыру көліктің белсенді қозғалысы бар магистралдар мен көшелерде түнгі мезгілде, қалған көшелерде күндізгі мезгілде жол жамылғысын алдын – ала сулау арқылы жүргізіледі.

46. Тазарту жүргізген кезде көлік жүретін бөлік, тротуарлары, жол жиектері қандай да болмасын ластан, ұсақ қоқыстан, топырақтан және ірі қоқыстан толығымен тазартылуы тиіс.

Аула аумағын, аулаішілік өтетін жерлер мен тротуарларды ұсақ тұрмыстық қалдықтардан, шаңнан сыпыру, оларды жуу жеке меншік пәтер иелері кооперативімен (бұдан әрі - ПИК), үй комитеттерімен жүзеге асырылады.

5-параграф. Қалдықтарды жинау және шығару

47. Жеке және заңды тұлғалар, олардың қызметі нәтижесінде пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болған кезінен бастап қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді. Жеке және заңды тұлғалар қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинақтайды.

48. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды ұйымдар уәкілетті орган белгіленген бекітілген кестеге сәйкес мерзімде жүзеге асырады. Кестелер қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау алаңдарына ілінеді.

49. Қатты тұрмыстық қалдықтарды өртеуге тыйым салынады.

50. Құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын объектілерді жөндеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құрылыс қоқысын кәдеге жарату шарттарын жасасуы қажет, оны белгіленген орынға өз бетінше немесе қоқыс шығаруды жүзеге асыратын ұйымдармен шарт бойынша шығарады.

51. Үй иелерінің аумағында мамандандырылған көлік үшін ыңғайлы кірме жолдармен контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы алаңдар болады. Контейнерлерді орнатуға арналған алаңдардың бетонды немесе асфальт ты жабыны және қоршауы болады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін жапқыштары бар контейнерлерді қолданған жөн.

52. Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерге және контейнерлік алаңдарда күл тастауға және жинауға жол берілмейді.

53. Қатты тұрмыстық қалдықтар қоқыс шығаратын көліктермен, үй иелерінің кәрізденбеген сұйық қалдықтары ассенизациялы вакуумдық көліктермен шығарылады.

54. Сұйық қалдықтар мамандандырылған автокөлікпен арнайы бөлінген орындарға шығарылады. Контейнерлер босатылғаннан кейін орындар дезинфекциялайтын ерітінділермен өңделеді немесе босатылған орындарда өңдеуден өткен тазаларына ауыстырылады. Контейнерлерді өңдеу орындары тазалауға, жууға және дезинфекциялауға арналған, ыстық және

суық су өткізілген, судың ағып кетуі ұйымдастырылған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

55. Сұйық тұрмыстық қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды қоқыс шығару құбырын тастауға жатпайды.

56. Қоқыс шығару құбырын пайдалануды иелігінде тұрғын үй орналасқан пайдаланушы ұйым жүзеге асырады.

57. Жеке тұлғалар контейнер алаңдары аумағында орналасқан, құрамында сынап бар шамдар мен аспаптарды жинау үшін арнайы контейнерлерде істен шыққан құрамында сынап бар шамдар мен аспаптарды қауіпсіз жинауды қамтамасыз етеді.

58. Контейнерлік алаңдарды және контейнерлерді пайдаланатын және оларға қызмет көрсететін ұйымдар мыналарды:

1) контейнерлік алаңдарды және контейнерлерді пайдаланатын және оған іргелес аумақтарды тиісті санитарлық күтіп – ұстауды қамтамасыз етеді;

2) оларға уақытылы жөндеу жүргізеді және одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді ауыстырады;

3) қоқыс қабылдайтын кмералардың, алаңдардың, сондай – ақ қалдық жинағыштардың тұрақты жуылуын, дезинфекциялануын, шыбындарға, кеміргіштерге қарсы дезинфекциялануын, дератизациялануын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды.

59. Контейнерлерден қоқыс шығаратын машинаға тиеу кезінде шашылып қалған қоқыстарды қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жұмысшылары шығарады.

60. Вокзалдарда, базарларда, әуежайларда, сапаябақтарда, демалыс аймақтарында, алаңдарда, блім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде, көшелерде, қоғамдық жолаушылар көлігі аялдамаларында, кәсіпкерлік нысандарында кіреберістерде қоқысқа арналған құтылар орнатылады. Халық көп білетін орындарда құтылар бір-бірінен кемінде 50 метр арақашықтықта; аулаларда, саябақтарда, алаңдарда 10-нан 100 метрге дейінгі арақашықтықта құтылар орнатылады. Жолаушылар көлігі аялдамаларында және сауда объектілерінің кіреберістерінде екі құты орнатылады.

61. Құтыларды орнатуды, тазартуды және жууды аумақты пайдаланатын ұйымдар немесе аумаққа иелік ететін немесе пайдаланатын ұйымдар жүргізеді. Құтылар толу шамасына қарай, бірақ күніне бір реттен кем емес тазартылады.

Құтылар ластану деңгейіне қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес жуылады.

6-параграф. Көшелерді, тұрғын үй орамдарын және шағын аудандарды абаттандыру

62. Шағын аудандар мен орамдардың тұрғын үй аймақтары қоқыс контейнерлерін қоятын, кір кептіретін, демалатын, балалар ойнайтын, спортпен айналысатын, үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдармен, автотұрақтармен, орынтұрақтармен, жасыл аймақтармен жабдықталады.

63. Алаңдардың саны, орналасуы мен жабдықталуы құрылыс және санитарлық нормаларға сәйкес болуы тиіс.

64. Қарамағында жер асты коммуникациялары бар ұйымдар көшенің көлік жүретін бөлігінде орналасқан люктердің, құдықтардың қақпақтарының бар-жоғын, жарамдылығын бақылайды, егер зақымданған немесе жарақсыз болса, бір күннің ішінде қалпына келтіреді.

65. Облыстың елді мекендер аумақтарында жол жамылғыларының, тротуарлардың, газондардың және басқа нысандардың, шаруашылық элементтерінің ақауына байланысты жер және басқа жұмыстар жүргізетін барлық заңды және жеке тұлғалар тиісті жергілікті атқарушы органнан жұмыстарды жүргізуге рұқсат алады.

66. Коммуникациялар құрылысы, жөндеу, қайта жарақтау жұмыстарын рұқсатсыз жүргізсе, жер жұмыстарын өз бетінше орындады деп есептеледі.

7 – параграф. Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін күтіп – ұстау

67. Қарамағындағы ғимараттар мен құрылыстар бар жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар мен құрылыстардың меншік иелері көрсетілген объектілердің қасбеттерін және олардың жекелеген элементтерін (балкондар, лоджиялар, су ағатын құбырлар) қалпына келтіру, жөндеу және бояу бойынша жұмыстарды уақытылы жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ қасбеттерде орнатырылған ақпараттық тақтайшаларды, ескерткіш тақталарды таза және жарақты жағдайда ұстайды. Меншік түріне қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар нысандарды жарықпен безендіреді.

68. Ғимараттардың және құрылыстардың қасбетіне инженерлік жабдықтардың элементтерін (хабарларды қабылдау антенналарын, ауаны қалыпқа келтіру жүйелерін) орналастыру нысанның жалпы сәулет келбетіне кері әсер келтірмеуі керек.

69. Ғимараттар қасбеттерін және конструктивті элементтерді өз бетінше қайта жасақтауға жол берілмейді.

70. Ғимараттардың, құрылыстар мен үй-жайлардың, оның ішінде шағын және орта бизнес нысандарының қасбеттеріне жазуы бар маңдайшалар ілуге жол берілмейді:

- 1) есіктерді және терезелерді жауып тастауға;
- 2) тұрғын үйлердің шекараларына, оның ішінде қасбеттің жабық бүйірлеріне жазуы бар маңдайшалар ілуге;
- 3) балкондарға, лоджияларға жазуы бар маңдайша орнатуға.
- 4) нысандар қасбеттерінің сәулеттік бөлшектеріне, сонымен қатар бағандарда, тіреуіштерде, өрнектерде жазуы бар маңдайшалар орнатуға;
- 5) қойылған мемориалдық тақталардан екі метрден кем аралықта жазуы бар маңдайшалар ілуге;
- 6) үйлердің нөмірлері мен көшелердің атаулары көрсеткіштерін жауып тастауға;
- 7) қасбетке декоративті-көркем және (немесе) бейнеленген мәтіндер маңдайшаларын орналастыруға (бояу әдісі, желімдеу т.б. әдістер);

8) Қоршау конструкцияларында (қоршау, шлагбаумдарда) маңдайшаны орналастыруға.

71. Маңдайшалар мыналардан тұруы мүмкін:

- 1) ақпараттық алаң (мәтінді бөлігі)
- 2) декоративті-көркемдік элементтері.

Декоративті-көркем элементтер маңдайшаның мәтіндік бөлігі биіктігінен біржарым еседен аспауы тиіс.

72. Ғимараттардың, құрылыстар мен үй-жайлардың сыртқы жағында орналасқан маңдайшалар мынадай талаптарға сай болуы керек:

1) маңдайшалар жоғарғы бір қатарда біркелкі көлденең сызықта (бірдей деңгейде, биіктікте) орналасуы керек;

2) өзара сәйкес байланыстағы элементтер (ақпараттық алаң (мәтіндік бөлік) және декоративті-көркем элементтер) кешені түріндегі маңдайша қасбет ұзындығының 70 пайызы көлемінде орналастырылған жағдайда көрсетілген элементтердің әрқайсысының ұзындығының шектік мөлшері 10 метрден аспауы тиіс;

3) нысан қасбетінде фриз болған жағдайда жар, а ілінетін маңдайша тек фризге бүкіл биікті бойына орналастырылады;

4) нысан қасбетінде күнқағар болған жағдайда маңдайша күнқағар фризіне, міндетті түрде көрсетілген көлемде орналастырылады;

5) терезелер мен витриналарды безендіру мына талаптарға сәйкес жүргізіледі: витринаның әйнегінің ішкі жағынан орналастырылатын витриналық конструкцияның ең жоғары шектік көлемі витрина әйнегінің биіктігі бойынша жартысынан және витрина әйнегінің ұзындығы бойынша жартысынан аспауы тиіс;

б) витриналар бүлінбеуі керек және таза ұсталуы тиіс.

73. Ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың төбелеріне маңдайшалар орнатуға мынадай жағдайда, егер кәсіпкерлік нысаны меншік иесі болса, немесе ғимарат, құрылыс, үй-жай иелерімен маңдайшалар орналастыруға келісім-шарттары болса рұқсат етіледі.

74. Маңдайшалар техникалық жағынан жарақты, ластан тазартылған жағдайда болуы тиіс.

75. Төбеде орнатылған маңдайшаларды алып тастау кезінде берік ұстау және қатайту элементтерін (болттар, тірек элементтері, технологиялық жабдықтар және басқалар) бөлшектеп алу керек.

76. Маңдайшаларды орналастыру сызбалары сәулет және қала құрылысы, тілдерді дамыту салалары бойынша жергілікті атқарушы органдармен келісілуі тиіс.

8-параграф. Сыртқы жарықтандыруды және субұрқақтарды күтіп – ұстау

77. Көшелердің, жолдардың, алаңдардың, жағалаулардың және басқа жарықтандырылатын объектілердің сыртқы жарығын қосу жергілікті атқарушы орган бекіткен кесте бойынша табиғи жарық деңгейінің азаюы

кезінде кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін, ал сөнугі – таңғы күңгіртте 10 люкске дейін артуы кезінде жүргізіледі.

78. Сыртқы жарық құрылғылары мен байланыс желілерінің элементтері, металл бағаналары, кронштейндер тазалықта ұсталып, тот басу ошағы болмай, сырлануы қажет. Нысандардың баланстық тиесілігіне сәйкес, ғимараттардың қасбеттеріндегі және витриналардағы әшекейлі көмескі жарықтардың жанып кеткен шамдарын алмастыру және жөндеу тиісті ұйымдармен жүзеге асырылады.

79. Алаңдардағы, магистральдардағы және көшелердегі, аула аумақтарындағы шамдардың жанбауы белгілі бір аумақтағы жалпы санының 5 пайызынан аспауы керек.

80. Орталық көшелердегі жарықтандыру және декоративті жарықтандыру элементтерін алмастыру және жөндеу бір тәулік ішінде жүзеге асырылады, қалған телімдерде үш тәулік ішінде.

81. Істен шыққан құрамында сынап бар газ разрядты шамдар осы мақсаттарға арналған арнайы бөлінген үй-жайларда сақталады және олар кәдеге жарату үшін арнайы кәсіпорындарға шығарылады. Көрсетілген шамдардың түрлері полигонға шығарылмайды.

82. Электрлендірілген көліктің жарық және байланыс желілерінің құлап қалған бағаналарын шығаруды негізгі магистральдарда бағана иелері тез жүзеге асырады; басқа аумақтарда, сондай – ақ бөлшектелген бағаналар – тәулік ішінде шығарылады.

83. Уәкілетті орган коммуналдық меншіктегі субұрқақтардың тиісті жағдайын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

84. Субұрқақтарды қосу мерзімін. Олардың жұмыс істеу режимін, тостағандарын жуу және тазарту кестесін, технологиялық үзілістерін және жұмыс істеуінің аяқталуын уәкілетті орган айқындайды.

85. Субұрқақтар жұмыс істеп тұрған кезеңде судың беті күн сайын қоқыстан тазартылады. Пайдаланушы ұйымдар субұрқақтардың тазалығын жұмысы тоқтаған кезеңде де, оларды тазалықта ұстайды.

4. Қорытынды қағидасы

86. Осы Қағидалардың сақталуын бақылауды және өз құзыры шегінде шаралар алуды ішкі істер органдары, аудандық маңыздағы қала әкімдері, поселкелер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылығы салаларындағы уәкілетті органдар жасыл екпелерді қорғау және оларды күтіп ұстау Қағидаларын бұзған жағдайда жүзеге асырады.

87. Осы Қағидаларды бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.